

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпы жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

№ 12

27.12.2022 жыл

Төрағалық етуші; Кәсіпорын директоры Н. Шаухаманов
Хатшы; кәсіпорынның заңгері Т. Каримов
Қатысқандар; қызметкерлер

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік құбылыс. Оның себебін, мағынасын толық түсіну мүмкін емес, деп есептейді ғалымдар. Бір ғана факт бар: жемқорлық – қоғамның дамуын тежегіш фактор. Бұл ұғымның ресми түсіндірмесі бар. Латын тілінен аударғанда сыбайлас жемқорлық – сындыру, бұлдіру, зақымдау, құлдырау деген мағынаны білдіреді. Латын термині «corruptio» екі түбірден құралған сөз: «сог» - жүрек, жан, рух, ал «ruptum» - бұлдіру, бұзу. Демек, «сыбайлас жемқорлық» сөзінің астарында тек лауазымды тұлғаның пара алуы немесе бюджет қаржысын қалтасына басуы емес, сонымен қатар әлеуметтік жүйе, мемлекеттік билік жүйесінің құлдырауы ұғымдары жатыр.

Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана дегеніміз – бұл адамдардың жемқорлық әрекетті әлеуметтік зұлымдық әрі қауіпті әрекет деп қабылдуы, оған қарсы пайда болатын ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы.

Жемқорлықтың қысқаша тарихы

Сыбайлас жемқорлық ежелден келе жатқан құбылыс. Тіпті жер бетіне адам пайда болғаннан бері келе жатқан құбылыс болуы мүмкін. Әрине, тарихи процесс барысында жемқорлық түрлері өзгеріп келеді. Қазіргі таңда жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзге адамның пайдасына шешілген әрекеті үшін ақшалай, бағалы қағаз немесе мүлік ретінде алған парасы, лауазымды адамның қызметін пайдаланып туысын, жақынын қарамағына жұмысқа алу, мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың бір бөлігін өз қалтасына салу, мемлекеттің мүлкін талан-таражға салу. Атақты француз философи Шарль Монтескье: «ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам қылмыс жасауға бейім тұрады және тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасайды» - деп жазды. Зар заман акындарының шығармаларында жемқорлық жиі сөз болғанына қарағанда, XIX ғасырда қазақ даласында сыбайлас жемқорлық болған.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы Зандары

Қазақстанда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің негізгі қағидаларын анықтайтын, сыйбайлас жемқорлықпен байланысты құқықбұзушылықтардың турін, сондай-ақ жауапкершіліктің басталу жағдайын белгілейтін «Сыйбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Занда қабылдаған.

Қазақстанда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы алғашқы Заң 1998 жылы шықты. Ол заң КР «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңы деп аталды. 17 жылдан соң 2010 жылы екінші Заң қабылданды. Ол «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңы деп аталды. Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында мұдделер қақтығысы «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін» деген тармақ бар. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз – бұл адамның саналы түрде және адамгершілік қасиетімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы туру, пара сұрамау, пара бермеу, мемлекеттің мүлкіне қол сұқпауы. Агенттік қоғамдық жұмыстардың белсененділігін арттырған. «Адалдық алаңы» деп аталатын жобалық кенселер ашылды. Қоғам белсененділері агенттік қызметкерлерімен бірлесіп қоғамды жемқорлық дертінен құтқару жолында жұмыс жасалып жатыр. «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті» деп жазылған. Заң талаптарын заңды шыгаратын, мемлекеттік қызметкерлердің кейде орындармай кететінін өкінішті. Қоғамда азаматтардың заңға деген құрметін арттыратын сана қалыптастыру да қажет-ақ. Заң аясында сыйбайлас жемқорлықтың салдарымен емес, себебімен күресті қүшету керек.

Төрағалық етуші:

Хатшы:

Н. Шаухаманов

Т. Каримов